

Контейнерлік
тасымал
табысты ма?

5-бет

Намысты
суреткер

12-бет

Халыққа
қажетті
цифрландыру

14-бет

Медицинаның әлеуметтік әділетті моделі



Суреттер түсіруші – А. ДУСЕНБЕК, Е. УКИЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (МСАК) жөніндегі Алматы декларациясының қабылданғанына 45 жыл және Астана декларациясына 5 жыл толуына орай ұйымдастырылған жаһандық конференцияның пленарлық отырысына қатысты.

Президент конференция қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, денсаулық сақтау және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетудің халықаралық жүйесін жетілдіру ісінде Алматы және Астана декларацияларының маңызы зор екенін атап өтті.

– Осыдан 45 жыл бұрын медициналық-санитариялық алғашқы көмектің әлеуметтік тұрғыда әділетті моделіне негіз болған Алматы декларациясы

қабылданды. Бұл декларация әлемдік денсаулық сақтаудың Ұлы Хартиясына айналып, көптеген елдің халық денсаулығын жақсарту үшін шара қабылдауына, оны адамның іргелі құқығы ретінде мойындауына түрткі болды. Алматы декларациясы біраз елде ана мен бала өлімінің деңгейін жүйелі түрде төмендету, болжамды өмір сүру жасын ұзарту үшін шешуші рөл атқарды. Бүгінде көптеген елде ұлттық денсаулық сақтау

жүйесі жолға қойылған. Онда медициналық-санитариялық алғашқы көмекке айрықша мән беріледі. Бұл бес жыл бұрын қол қойылған Астана декларациясында нақтыланады, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, МСАК жүйесі эпидемияның алғашқы белгілерін анықтау және тосын сын-қатерлерге қарсы әрекет ету ісінде маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қоғамдық денсаулық сақтау ұйымдары өздерінің орнықтылығын және туындаған жағдайға тез бейімделе алатынын көрсеткеніне назар аударды. Президент адамзаттың COVID пандемиясын еңсеруіне үлес қосқаны үшін барлық медицина қызметкеріне алғыс айтты.

Бұл ретте Президенттің пікірінше, барлық ықтимал қауіп-қатерді ескере отырып, денсаулық сақтау жүйесі кез келген күрделі жағдайға әрдайым дайын болуы үшін оған қолдау көрсету керек. Ауру-сырқаудың белгілерін бастапқы кезеңінде анықтау және тосын сын-қатерлерге дер кезінде назар аудару үшін әлеуетті арттыра беру қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан шараларға арнайы тоқталды.

(Соңы 2-бетте)

Іргелі ұйыммен ынтымақтастық



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ДДҰ Бас директоры Тедрос Гебрейесусты және ұйымның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клогені қабылдады.

Астанада өтіп жатқан Медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі жаһандық конференция аясындағы кездесу барысында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен өзара ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

(Соңы 2-бетте)

Қаржы тұрақтылығы маңызды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы Мәдина Әбілқасымованы қабылдады.

Қабылдау кезінде ведомство басшысы Президентке қаржы нарығындағы жағдай, экономиканың нақты секторына берілетін кредит көлемін кеңейтуге және халықтың тым көп несие алуын төмендетуге бағытталған шаралар туралы баяндады.

(Соңы 2-бетте)

«ЕГЕМЕН» КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ Ұлт ұстазы атындағы әуежай

Республика күні қарсаңында Қостанай әуежайының маңдайшасына «Ахмет Байтұрсынұлы әуежайы» деген жазу орнады. Қуанышты хабар сол сәтте-ақ әлемжелі арқылы шартарапқа тарады. Оған көпшілік әр тұстан үн қосып, құтты болсын айтысып, сүйініс білдіріп жатты.

Нұрканат ҚҰЛАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Биылғы 26 маусымда «Егемен-де» жарияланған «Ұлт ұстазын қалай ардақтап жүрміз?» атты

мақалада Ақаңның 150 жылдық мерейтойына орай қабылданған игі шешімдердің орындалуы кешеуілдеп кеткенін жазған едік.

(Соңы 15-бетте)



РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық-саяси қызметтегі аса үздік еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі –
«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп,
айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз
тапсырылсын:

Ізмұхамбетов Бақтықожа – мемлекет және қоғам қайраткері,
Салахатдинұлы Астана қаласы.

2. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі –
«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша
ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені
тапсырылсын:

Шүкежанова Алма – «№ 7 жалпы білім беретін орта
мектеп-лицей» КММ мұғалімі,
Сайдахметқызы Семей қаласы.

3. Өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін:

жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі –
«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік
белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын:

Шағыртаев Имамзада – «Таң ЛТД» ЖШС директоры,
Қуанышбайұлы Қызылорда облысы.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 23 қазан
№ 390

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Мемлекет басшысының жарлықтарымен:
Сержан Оралбайұлы Әбілқәрімов Қазақстан Республикасының Индонезия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды;

Тимур Владимірұлы Пірімбетов Қазақстан Республикасының Мексика Құрама Штаттарындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасының Латвия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымынан босатылды;
Дәурен Айтбайұлы Кәріпов Қазақстан Республикасының Латвия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының өкімдерімен:
Ғалымжан Мәмбетұлы Қойгелдиев Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары лауазымына тағайындалды;

Нұрәулет Мықтыбекұлы Сүйіндіков Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Активтерді қайтару жөніндегі комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

Еңбегі елеулі азаматтар мемлекеттік марапатқа ие болды

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Олардың қатарында өндіріс, бизнес, білім беру, денсаулық сақтау салаларының көрнекті өкілдері, әскери қызметшілер, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, спортшылар, еңбек ардагерлері, мәдениет және ғылым қайраткерлері бар.

(Соңы 2-бетте)

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары анықталды

Қазақстан Республикасының Әл-Фараби атындағы ғылым мен техника саласындағы 2023 жылғы Мемлекеттік сыйлығының лауреаттары белгілі болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен биылғы Мемлекеттік сыйлық «Қазақстан Республикасының атом-энергетика саласын құруға және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу

стратегиясын іске асыруға арналған әлемдік деңгейдегі зерттеулер мен әзірлемелер» жұмысы үшін Эрлан Батырбековтің жетекшілігімен Қазақстан Республикасы Ұлттық ядролық орталығының авторлар ұжымына берілді.

Аталған сыйлық ғылым мен техника саласындағы аса үздік жетістіктері үшін екі жылда бір рет беріледі.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Данияр Кабидоллаұлы Сарекенов Қазақстан Республикасының Индонезия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі, Қазақстан Республикасының Филиппин Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы лауазымдарынан босатылды.



Медицинаның әлеуметтік әділетті моделі

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Елімізде барлық баланы профилактикалық медициналық тексеруден өткізу ісі жолға қойылған. Әрбір ірі елді мекенде жастардың денсаулық орталықтары жұмыс істейді деуге болады. Жыл сайын үш миллионға жуық ересек адам скрининг және кәсіби тексеру бағдарламасынан өтеді. Ауыл тұрғындарының медициналық қызмет алуына бірдей мүмкіндік жасауға біз бірқатар реформа жүргіздік. Нәтижесінде, 2018 жылдан бастап ауылдардағы алғашқы көмек көрсету пункттерінің саны 3 есеге астам көбейді. Сонымен қатар телемедицина және қашықтан мониторинг жасау сияқты цифрлық технологиялар белсенді түрде енгізіліп жатыр. Бұл алғашқы медициналық көмектің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзін қорытындылай келе, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының қолдауымен Мемлекеттердің медициналық-санитариялық алғашқы көмек жөніндегі коалициясын құру

ұсынылды. Бұл бірлестік денсаулық сақтау және аурудың алдын алу қағидаттарын одан әрі ілгерілетуге, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту жөніндегі бірлескен ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету саласын, жалпы денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытуда жастарға зор сенім артатынын атап өтті. Мемлекет басшысы жастармен кездескен сайын спортпен шұғылданудың маңызы туралы айтатынын еске салып, оларды еңбеккер және мақсаттарына адал болуға шақырды.

Сонымен қатар конференцияның пленарлық отырысында ДДҰ Бас директоры Тедрос Адханом Гебрейесус, ДДҰ-ның Еуропадағы өңірлік бюросының басшысы Ханс Клюге, Земмельвайс медицина университетінің (Мажарстан) деканы Мик лош Шочка, Торонто денсаулық сақтау жүйесі университеті МСАК Серіктестік кеңсесі жаяндық бөлімінің жетекшісі Кэтрин Руло сөз сөйледі.



Суретті түсіргендер – АЖИҚ ЕҢБЕК ЕКІМНІ

Іргелі ұйыммен ынтымақтастық

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы қонақтарға ілтипат білдіре отырып, еліміз ең маңызды ұйымның бірі саналатын ДДҰ-мен халықаралық деңгейде нәтижелі қарым-қатынас жасап отырғанын атап өтті.

– Еліміз әрқашан Сіздің қызметіңіздің табысты болуына септігін тигізеді. Қазіргідей күрделі жағдайда ДДҰ-ны басқару өте қиын екенін білемін. Бұл – нағыз сынақ. Сізге әлемдегі көптеген ел мен делегаттардың түрлі пікірлеріне құлақ асып, тиімді шешім табуға және мәміле жасауға тура келеді. Сізге табыс тілеймін. Біз өз тарапымыздан Сізге әрдайым көмектесеміз және қолдау көрсетеміз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемиядан кейін аталған

саланы қалыпқа келтіру, халық денсаулығын сақтау ісіндегі негізгі мақсаттарға қол жеткізу үшін денсаулық сақтау жүйесін нығайтуға Қазақстанның белсенді түрде кіріскеніне назар аударды.

Бұл ретте Президент ДДҰ жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан тиісті бастамаларға толық қолдау көрсетуге еліміздің дайын екенін нақтылады.

Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, соның ішінде халықты денсаулық сақтау қызметімен толық қамтуға, ана мен бала өлімінің деңгейін төмендетуге, сондай-ақ туберкулез эпидемиясын толықтай жоюға ниетті.

Өз кезегінде ДДҰ Бас директоры Алматы және Астана

декларацияларының қабылдануы ұйым мен жеке өзі үшін ерекше маңызды екенін атап өтті. Өйткені ол Денсаулық сақтау министрі қызметін атқарған кезінде, медициналық-санитариялық алғашқы көмекті дамыту мәселесімен мақсатты түрде айналысқан.

Бұдан бөлек, кездесуде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық, Орталық Азиядағы денсаулық пен әл-ауқатты қолдау жөніндегі 2022-2025 жылдарға арналған жол картасын жүзеге асыру мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Жаһандық конференцияны ұйымдастыруға атсалысқаны және осы маңызды іс-шараға қатысқаны үшін Тедрос Адханом Гебрейесус пен Ханс Клюгеге алғыс айтты.

Қаржы тұрақтылығы маңызды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаевқа банк акционерлерінің жауапкершілігін қатаңдатуға төлем қабілеті төмен банктердің жұмысын реттеуге және мемлекеттік қолдауды шектеуге қатысты заң жобасының әзірленіп жатқаны жөнінде мәлімет берілді. Мемлекет тарапынан көрсетілген қаржылай қолдауды толық өтемейінше, банк басшыларына дивидендтер мен бонустар төлеуге заң жүзінде тыйым салатын өзгеріс енгізу жоспарланып отыр.

Агенттік төрағасы банк секторында тұрақтылық және барлық қаржы көрсеткіштерінде өсім байқалатыны туралы айтты. Жыл басынан бері банктердің активтері 4,8 пайызға, яғни 46,7 триллион теңгеге дейін өсті. Экономиканы кредиттеу 11,5 пайызға немесе

25,4 триллион теңгеге дейін, соның ішінде шағын және орта бизнеске берілген кредиттер 9,0 пайызға немесе 6,6 триллион теңгеге дейін ұлғайды.

Президенттің бизнесті кредиттеуді ынталандыру жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында банктердің капиталына, өтімділігі мен кепіл саясатына, сондай-ақ шетелдік еншілес банктердің кредиттік белсенділігін арттыруға қатысты жаңа пруденциалды шаралар әзірленді. Шетелдік инвесторлар еліміздің банк секторына кіруі үшін талаптарды оңтайландыру жоспарланып отыр.

Агенттік цифрлық платформалар арқылы стрессті активтерді сату, халықтың тым көп несие алуын төмендету, барлық микрокредит бойынша бірыңғай мөлшерлеме белгілеу, коллекторлық қызметке

қойылатын талаптарды қатаңдату, қаржылық алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заң жобаларын әзірлеп, Парламенттің қарауына енгізді.

Мемлекет басшысына қадағалау қызметі аясында жүргізілген тексерулерден кейін 29 микроқаржы ұйымының және 14 коллекторлық агенттіктің қызметі тоқтатылғаны, оларға 90 қадағалау шарасы қолданылып, жалпы сомасы 105,3 миллион теңге болатын 338 айыппұл салынғаны жөнінде баяндалды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы агенттікке қаржы тұрақтылығын сақтау, халықтың тым көп несие алуын төмендету және қаржылық қызмет тұтынушыларын қорғауды күшейту, бизнес субъектілерін кредиттеу ісін ынталандыру жөнінде бірқатар міндет жүктеді.

Еңбегі елеулі азаматтар

мемлекеттік марапатқа ие болды

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласын дамытудағы айрықша жетістіктері, сондай-ақ қоғамдық-саяси қызметтегі аса үздік еңбегі үшін мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің депутаты Б.Ізмұхамбетовке, еліміздің әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін Семей қаласы №7 жалпы білім беретін орта мектеп-лицейінің мұғалімі А.Шүкежановаға және өндірістік қызметтегі ерекше еңбегі үшін Қызылорда облысы «Таң ЖТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры И.Шағыртаевқа берілді.

«Отан» орденімен суретші А.Ақанаев, белгілі ақын, айтыс өнерінің дамуына ерекше еңбек сіңген қайраткер Ж.Ерманов марапатталды. I дәрежелі «Барыс» ордені еңбек ардагерлері М.Айымбетова мен С.Тиесовке, Қонаев қаласы А.Жұбанов атындағы №5 орта мектеп мұғалімі Н.Лиге, телевизия ардагері Л.Сейітовке, II дәрежелі «Барыс» ордені қоғам және мемлекет қайраткері Ә.Бектаевқа, «KAZGOR» жобалау академиясының бірінші вице-президенті Т.Ералиевке, еңбек ардагері О.Рахманбердиевке, III дәрежелі «Барыс» ордені Абай облысы қоғамдық кеңесінің төрағасы М.Айнабековке, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің кафедра меңгерушісі С.Аяғановқа, еркін күрестен еңбек сіңірген спорт шебері И.Байрамуковке, «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қорының төрағасы Б.Жәмішевке, қоғам қайраткері Ә.Жолшыбековке және еңбек ардагері С.Қырымқұловқа табысталды.

Сонымен қатар белгілі ғалымдарға, мәдениет және білім қайраткерлеріне, өндірістік сала өкілдеріне «Парасат» ордені берілді. Олардың қатарында Талдықорған қаласы «Қайнар-АКБ» ЖШС директорлар кеңесінің төрағасы Қ.Әжмағанбетов, «Қазақ тілі» халықаралық қоғамының вице-президенті Ғ.Әнес, М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің профессоры Б.Жолдин, нысана көздеуден ұлттық құраманың бас жаттықтырушысы О.Довгун, Теміртау қаласының Көпбейінді ана мен бала орталығының директоры С.Лохвицкий, Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің

төралқа мүшесі М.Ғабдісәлімова және Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік академиялық қазақ театрының актері Ұ.Нүсіпәлі секілді азаматтар бар.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биылдан бастап ұлт бірлігін нығайту және қоғамдық татулықты қамтамасыз ету жолындағы жемісті еңбегі үшін «Ел бірлігі» ордені тағайындалды. «Ел бірлігі» ордені алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры А.Башмаковқа, Республикалық дүнген этномәдени орталығы бақылау кеңесінің төрағасы Л.Буларовқа, Республикалық тәжік этномәдени орталығының төрағасы А.Исмаиловқа, Қазақстан корейлері қауымдастығы қамқоршылық кеңесінің мүшесі Р.Кимге, «Deutsche Allgemeine Zeitung» республикалық неміс газетінің бас редакторы О.Клименкоға, «Қазақстан шешендері мен ингуштарының «Вайнах» қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің тең төрағасы А.Мұрадовқа, «Дустлик» Қазақстан Республикасы өзбек этномәдени қоғамдық бірлестіктерінің қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі төрағасының орынбасары Т.Нишанбаевқа табысталды.

Сонымен қатар биылдан бастап құрметті марапаттар қатарына «Қазақстанның халық жазушысы» және «Қазақстанның халық әртісі» атақтары қосылды. Т.Әбдіқұлы, С.Елубаев, Б.Нұржекеев, С.Сматаев, А.Аширов және Л.Шашкова «Қазақстанның халық жазушысы» атағын иеленді. «Қазақстанның халық әртісі» құрметті атағы еліміздің көрнекті мәдениет қайраткерлері, театр және кино актерлері Д.Ахимовқа, М.Токарев пен Д.Ақмолдаға, опера әншілері Ш.Әбілов пен Т.Күзенбаевқа, атақты әншілер Р.Стамғазиевке, Д.Кұдайбергенге және күйші А.Үлкенбаеваға берілді.

Сондай-ақ «Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы» КеАҚ дәрігері С.Андосова, «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ профессоры А.Плешаков, «Шыңға өрлеу» КҚ директоры Р.Сыпабекова, «Маңғыстау облыстық мүгедектік спорт клубы» КММ аға бапкері Н.Құлышов және басқа да азаматтар «Құрмет» орденімен марапатталды. Өнеркәсіп,

транспорт, құрылыс, ауыл шаруашылығы және басқа да материалдық өндіріс салаларының 94 жұмысшысы мен еңбеккері III дәрежелі «Еңбек Даңқы» орденін иеленді.

II дәрежелі «Достық» ордені «Алға, Петербург» интернет жобасының авторы Иван Червинскийге берілді.

Ал футболдан Қазақстан ұлттық құрамасының ойыншылары Асхат Тағыберген, Бахтиёр Зайнутдинов және Максим Самородов «Ерен еңбегі үшін» медаліне лайық деп танылды.

«Ерлігі үшін» медалімен Мұрат Есенқабылов пен Талғатбек Төлеубаев наградталды. Мұрат Есенқабылов өртеніп жатқан көлік ішінен 3 әйел мен 5 баланы аман алып қалса, Талғатбек Төлеубаев тілсіз жауды ауыздықтауда үлкен ерлік көрсеткен.

Пара жеңіл атлетика спортшысы, бірнеше республикалық сайыстардың жеңімпазы Айсұлу Сүлейменоваға «Шапағат» медалі табысталды.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы ғылым және мәдениет салаларының 31 көрнекті өкіліне және «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағы Ақмола облысы «№4 «Болашақ» облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының мұғалімі Ү.Еңсебаеваға берілді. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен 143 адам наградталды.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін нығайту кезінде көрсеткен ерлігі мен қажыр-қайраты үшін әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының өкілдері I және II дәрежелі «Даңқ» ордендерімен, II және III дәрежелі «Айбын» ордендерімен, «Ерлігі үшін» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдерімен марапатталды.

Жалпы, биылғы мемлекеттік наградаларды тағайындауда қарапайым азаматтарға басымдық берілді. Атап айтқанда, марапатталғандар арасында 298 ұстаз бен денсаулық сақтау саласының қызметкері, 259 ауыл шаруашылығы маманы, 119 еңбек ардагері, өндіріс саласының 88 жұмысшысы бар. Бұл – қарапайым еңбеккерлердің мәртебесін асыруға, қоғамдағы қадірін арттыруға бағытталған нақты қадам.